



# БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ

## 2-ТОМ ОРТА ҒАСЫР ФИЛОСОФИЯСЫ

Акуинолық Томас, Дунс Скот және  
Уильям Оккам эпистемологиясы





**Мақсат** – Акуинолық Томас, Дунс Скот және Уильям Оккам эпистемологиясына талдау жасау.

**Жоспар**

Акуинолық Томас тұжырымдардың қалыптасуы туралы.  
Акуинолық Томас сенім, білім және ғылым туралы.  
Дунс Скот эпистемологиясы.  
Оккамның интуитивті және абстрактілі таным туралы көзқарасы.

**Түйін сөздер**

Адам зердесі, құдіретті зерде, аян, табиғи сәуле, құдіретті нұрлану, сенім преамбуласы, интуитивті таным, абстрактілі таным.

Бонавентураның замандасы Акуинолық Томас зерде қызметін түсіндіру үшін сәулені метафора ретінде қолданды: жасампаз зерде дүниедегі ойлау әлеуеті бар нысандарды санадағы өзекті ой нысандарына айналдыратын сәулемен қамтамасыз етеді. Алайда Акуинолық Томас жасампаз зердені ибн Сина мен ибн Рушд пайымдағандай, адам санасында сырттан басқарылатын тылсым болмыс емес, адамзаттың табиғи қабілеті деп қабылдады.

Акуинолық Томас «Теология суммасы» еңбегінде жасампаз зердені адам жанының белгісіз бір бөлігі деген пікірді баса айтты. Әрине, жеке адамның зердесінен жоғары тұратын құдіретті зерденің бар екені хақ. Сондықтан адами ақыл-ой үшін жоғарғы зердеден бастау алатын адами қуат болу керек. Әулие Иоанн айтқандай, Құдай бұл дүниеге келген әрбір адамды нұрға бөлейді. Бірақ, Құдіретті зерде ғана адам жанына ерекше қуат бере алады.

Акуинолық Томас Құдай шапағаты қағидасына қарсы келгенімен, әдеттегі сыпайы мінезіне сай, Әулие Аугустинді қажетінен асыра ренжітіп алмас үшін, өзінің теріске шығаруында оны аса сынамауға тырысып бағады. Акуинолық Томастың эмпирик емес екеніне ешқандай күмән жоқ, ол интеллектуалды ойлау үшін сезімдік тәжірибе жеткілікті дегенді жоққа шығарады. Сондай-ақ сезімдік тәжірибемен қоса жасампаз зерденің де араласуы қажет. Бірақ, Акуинолық Томас эмпирик болмауымен қоса, иллюминатор да емес. Интеллектуалды білімді меңгеру үшін жасампаз зерденің болуы жеткіліксіз. «Материалдық заттар туралы білгіміз келсе, біздің ішіміздегі интеллектуалды сәуледен бөлек, сыртқы дүниеден алынған ойлана алатын объектілерге деген қажеттілік бар». Бұл өмірдегі адам интелектісі материалдық нысандарды түсіну қабілеті. Сезімсіз біз ешбір затты қабылдай алмаушы едік, ал жасампаз зердесіз ол заттар туралы ойлау тіпті де мүмкін емес. Бейнесіз ойлар бос болса, тәнсіз бейнелер сана үшін қараңғылықпен тең.

Акуинолық Томас жасампаз зердені тылсым дүние деп қабылдамайды. Ол – адам табиғатының бір бөлігі ғана. Акуинолық Томас білім табиғатын талқылау барысында мынадай ой айтады: «Әр адамда білім ұстанымы, яғни жасампаз зерденің сәулесі бар және сол сәуленің арқасында біз барлық ғылымдардың әмбебап қағидаларын үйренеміз». Акуинолық Томас оқыту үрдісіндегі жасампаз зерденің маңызын медицинадағы тәндік болмысымыздың орнымен салыстыра қарайды. Науқастың дене қызуын, асқорытуын бақылау және ағзадан залалды нәрселерді шығару арқылы емдеу үдерісіндегі дәрігердің кәсіби машықтығы табиғатқа ұқсайды. Мұғалім оқыту барысында оқушыға жаңа білімді меңгеру жолында жетістікке жетуі үшін зердесіндегі табиғи сәулені қолдануға үйретеді. Мұндағы ұқсастық: зерденің әрекеті асқорыту жүйесінің әрекетінен асып кетпейді. Бұл екеуі де бірдей деңгейде жаратушы Құдайдың ісі. Егер Құдайдың жаратқаны ғажайып болса, онда мына дүниенің барлығы ғажайып, тылсым болмақ. Сонда табиғилық пен тылсым арасындағы айырмашылық өз мәнін жояды. Ал Құдай жасампаз зердені жаратқан кезде, оған басқалардан гөрі ерекше мән беріп, басқалардан ерекшелендіріп жаратпайды ма? Акуинолық Томас «Пұтқа табынушыларға қарсы сумма» еңбегінде барлық жаратылыс иесінің Құдаймен ұқсастығын және зерденің шындықты тану қабілетінің арқасында Құдаймен ерекше ұқсастығының аражігін ажыратады. Ойлау мен практикалық пайымдаулардың басты қағидалары тәрізді, кейбір ақиқаттарды ешкім жоққа шығармайды. Дәл осындай ақиқаттардың санада болуы, сананы Құдайдың бейнесіне ұқсатады. Бұл ақиқаттар туа бітпеген және тәжірибе мен қорытынды нәтижесінен алынған жоқ. Туабітті берілген қабілет мысалдарды іс жүзінде көрсеткенде ғана байқалады.



Жасампаз зерденің бейнелерге әсер ететін ұғымдарды қалыптастыру сынды ауқымды қасиеті бар. Ол сезімдік тәжірибенің ойдағы әлеуеттік мәліметтерін актуалды ойлау нысанына айналдырады. Тұжырымдардың қалыптасу үдерісінде қарама-қайшылықсыздық қағидалары қолданылады: «Х» ұғымына ие болу «Х»-ті «Х еместен» ажырата білу қабілетін қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда жасампаз зерде аталмыш ұстанымнан хабардар деп айтуға әбден болады. Алайда ол сезімнің қандай да бір көмегінсіз зерденің басты мақсаты болып саналатын материалды нысандардың болмысын танып білу ілімін толықтыра алмайды. Жасампаз зерде рефлексия (ойлану). Оны мәңгілік сәулесін құдіретті зерденің айнадағы бейнесі деуге болады. Жасампаз зерде сезімдік тәжірибенің негізінде ұғымдарды қалыптастырған кезде қағидаларды пайдаланғанда ол, Акуинолық Томас ерекше айтып өткендей, ары қарай Құдай нұрын қажет етпейді.

Әулие Томас адам санасында ерекше нұрдың, атап айтқанда, ғайыптың нұры бар екеніне әрине сенді. Бұл – мейірімділіктің сәулесі. Соны түсіну бақытына ие болған адамдарда сенім туындайды. Бірақ ол мұны жасампаз зерде болып табылатын туа бітті, табиғи сәуледен ажыратады. «Біз нені түсінсек те, не нәрсені бағаласақ та, ақиқаттың алғашқы сәулесі тұрғысынан түсінеміз және төрелік етеміз, өйткені біздің зердеміздің табиғи туындысынан немесе мейірімділіктен туындайтын кез келген сәуле – алғашқы ақиқаттың әсері».

Әулие Томастың ортағасырлық эпистемологияға қосқан басты жаңалығының бірі – табиғи танымның сәулесі мен сенімнің тылсым сәулесі арқылы танылатын ақиқаттар арасындағы айқын айырмашылық. Оның ойынша, табиғи ақыл арқылы Құдай туралы ақиқаттың шектеулі ақпаратын ғана білуге болады: «ол тіршілік етеді», «ол бәрін білетін», «қайырымды», «құдіретті», «мейірбан» және тағы басқалары. Үштік немесе Құдай болмысына ену сияқты ілімдер тек аян арқылы ғана белгілі болды. Теологиялық мағынадағы сенім (немесе діни сенім) дегеніміз Құдай сөзіне риясыз сену. Сенім (адамдар арасындағы сенім, т.б.) – Құдайдың бар екеніне деген сенімнен ерекше. Оларды философиялық дәлелдеулер арқылы ажыратуға болады. Діндар адам дүниеге қатысты көп заттар туралы Құдай сөзін қабылдайды, алайда Құдай сөзі оның бар екенінің дәлелі болмауы да мүмкін. Құдайға сену бұл тұрғыдан сенімнің бөлігі бола алмайды, бірақ діндар оған сенім келтіреді. Акуинолық Томас мұны сенімнің «преамбуласы» (кіріспесі) дейді.

Табиғи жолмен тануға болатын Құдай туралы ақиқатты натуртеология қарастырады, ал сенімнің құпиялары – теологияның нысаны. Алайда, «көмектен айырылған сана» деген сөздің мағынасында біркелкілік жоқ. Ол, бір жағынан, натуртеология тәжірибеге немесе рефлексияға сүйеніп жасаған өз дәлелдерін дәйектендірген кезде тек алғышарттарға ғана сүйенеді, ал бұл алғышарттар қасиетті жазбадан немесе аяннан шығады деген мағынаны беруі мүмкін. Екінші жағынан, натуртеолог өз тұжырымдамаларын Құдайдың құдіретті көмегінсіз-ақ танығанын білдіруі мүмкін. Бірінші мағынада «көмектен айырылған сана» туралы айтқанда, логикалық қатынастар арқылы ақылдың ой қорытынды жасайтын алғышарттары туралы сөз қозғаймыз. Басқа жағынан алғанда, «көмектен айырылған санаға» жарылқаудың көмегімен ие болған сананы қарсы қойғанда біз сана аумағынан себептер саласына өтеміз: біз пайымдау үрдісінің алғышарты болып табылатын логикалық емес, себептілік қатынастар туралы сөз қозғаймыз.

Акуинолық Томастың айтуы бойынша, «Құдайдың тіршілік етуі» және «жан өлмейді» тәрізді адам ақылына сыйымды түсінікті нәрселерді көптеген адамдар іс жүзінде басты негіздеме деп қабылдауы керек. Оларды философиялық аргументтер бойынша орнықтыру үшін, адамзаттың басым бөлігімен салыстырғанда, жоғары зерде, бос уақыт және қуат керек. Натуртеологияның құрылымы негізінде, Әулие Томас ғалымдардың сенімі мен қарапайым халықтың сенімін салыстырады. Қарапайым діндарға, «Бес жол» сияқты Құдайдың бар екенін (мүмкіндігінше) көрсететін философиялық дәлелдерге еру қажет емес. Қарапайым діндар Құдай бар дегенге сенеді де қояды. Бұл сенім сана арқылы туындайтын сенім емес; бұл сенім, Құдайдың билігіне емес, адамның әрекетінен туындаған сенім. Құдайдың бар екені туралы дәлел ғалымдарға ғана түсінікті болса да, жалпы сенімнің қоғамда болатыны ақылға сыйымды нәрсе.

Акуинолық Томастың сенім мен ақылдың және натуртеология мен көрнекі теологияның арасындағы айырмашылықты көрсетуі ортағасырлық эпистемологияда жаңа бетбұрыс болды. Эпистемология – білім мен сенімді зерттейтін философиялық пән: қандай заттарды біле аламыз және оны қалай біле аламыз; қандай нәрселерге сенуіміз керек және не себепті сенуіміз керек.



Томастың зерттеулері білім мен сенімнің арасындағы айырмашылықтарды қарастырғанын көрсетеді; өзіне дейінгі зерттеушілердің қай қайсысымен салыстырғанда да, христианның Үштік құпиясын түсінуі – білім мен түсіну мәселелері емес, керісінше, сенімнің мәселесі екенін баса көрсетті. Сенім мәселесінің ауқымында ол сенім мен пікірдің айырмашылығын сенімділіктің деңгейлері тұрғысынан қарастырды: ақиқат жолында пікір емес, сенім басты орында тұрады. Сенім құдіреттің жоғары дәлелдеріне тәуелді болса, ал пікір күнделікті дәлелдерге негізделеді.

Акуинолық Томас білімді сипаттап, оны сенімнен ажыратқанда, оған Аристотельдің «Екінші аналитика» еңбегінде келтірілген дедуктивтік ғылымның мұрасы зор әсер еткені көрінеді. Алғашқы ұстанымдарды игеріп оны іске асыру сананың басты ерекшелігі. Аксиомалардың теорияларға сүйенетіні сияқты алғашқы ұстанымдар ақыл тұжырымдамаларына сүйенеді. Алғашқы ұстанымдарды түсіну – *habitus principiorum*, ал олардан шығарылған теоремаларды білу – *habitus scientiae* деп аталады.

Әулие Томас, барлық ғылымның постулаттары саналатын, дәлелдеуді қажет етпейтін ұстанымдардың тізімін еш жерде келтірмейді. Дегенмен, ол кез келген ғылыми пәннің қорытындылары дедуктивтік жүйеде құрылып, реттелген теоремалар болатынын айтады. Бұл жүйенің аксиомалары – жоғары ғылымның теоремалары немесе дәлелдеуді қажет етпейтін ұстанымдар ретінде бейнеленеді. Теореманы бірнеше жүйеде дәлелдеуге болады. Мысалы, Жердің дөңгелек екенін астрономияда да, физикада да дәлелдеуге болады. Әртүрлі формалды нысандары болса, ғылымдар бір-бірінен ерекшеленеді. Астроном мен геометр, мысалы, бір материалдық нысанды – Күнді әртүрлі тұрғыда сипаттайды: аспан денесі немесе сфералық қатты дене ретінде. Әртүрлі ғылымдағы тұжырымдар әртүрлі ортақ терминдер пайдаланған силлогизмдер арқылы алынады. Негізгі ұстанымдардан шығатын көп уәждің тізбектері арқылы нақтылы теоремаға бірден келуге болады; ал кез келген теоремадан кемінде бір тізбек арқылы аксиомаға оралу керек. Осындай түрде бейнеленген ғылымның арманы Евклид формалды геометриясы арқылы нақты жүзеге асқандығын көрсетеді. Мұндай *scientia* теориясы жалпы эпистемология үшін жеткіліксіз. Десек те, Томастың теориясына жалпы эпистемология деп емес, ғылымды сипаттау есебінде қарастырып көрейік. Оның ғылыми әдістерді ескеруге бағытталмағанын түсіну өте маңызды. Томас дәлелдерді қажет етпейтін ұстанымдардан бастап, теориялық қорытындылар жасау арқылы дүние туралы тоқтамдарға келеді деген ойдан аулақ болуымыз керек. Жүзеге асу тәртібі кері бағытта жүреді: айталық, ғалым құбылыстан, яғни Айдың тұтылуынан бастап, оның себебін іздейді. Себебін табу дегеніміз – өзінің қорытындысында тұтылудың болуын көрсететін силлогизмдегі орта терминді табу. Ғылымның міндеті бір силлогизмнен келесі силлогизмдерді сабақтастыру арқылы негізгі қағидаларға келгенде жүзеге асады.

Акуинолық Томас теориясының маңызды проблемасы – ғылымда тәжірибе мен эксперименттің айқын болмауында. Шынында, математика мен метафизиканы сыйыстыру үшін *scientia* ұғымы айтарлықтай кең. Томастың мысалдарынан байқағанымыздай – бұл түсініктер астрономия мен медицина секілді пәндерді қамтуға бағытталғанында. *Scientia*, оның айтуы бойынша, әмбебапты және қажетті ақиқаттарға арналған: алайда біз өзіміздің сезімдік тәжірибемізде, өзгермелі дүниеден ақиқатқа қалай келе аламыз?

Жаңа замандарда эпистемология көбіне скептицизмге қарсы әрекет түрінде ғана қабылданды: сыртқы дүниенің бар екенін мойындауға, басқа ақылдың бар екенінде, сезімдеріміздің дәлелдеріне сенуге қандай себептер бар? Осындай пікірлерге саятын эпистемологияға Акуинолық Томастың қызығушылығы төмен болды. Ол біздің сезімдеріміздің жалпы сенім екенін мойындайды, біз білетін табиғи материалдық нысандардың адам зердесінің нағыз нысаны екеніне сенімді; адамдық және адамнан жоғары ақылдылардың бар екені туралы емес, табиғат пен сан туралы пайымдайды. Оның кезеңіндегі зерделік ахуалда психология мен эпистемологияның арасында айқын айырмашылық, яғни біздің ақыл қабілеттеріміздің әрекеттерін сипаттау мен негіздеу болған жоқ. Мұндай айырмашылықтарды Томас сенім мен ақылдың дихотомиясын өршітетіндей деңгейге жеткізуге ұмтылмады. Сондықтан, Энтони Кенни сезім мен зерденің қызметтерін кеңірек талдағысы келетін оқырманға, сана философиясы туралы жетінші тарауға зер салуына шақырады.

Қазіргі заманғы түсінігіміздегі эпистемология ең алғаш рет Дунс Скоттың жазбаларында кездесетінін нық айтуға болады. Бұл таңқаларлық наразылық ретінде көрінуі мүмкін, – дейді



Кенни. Бір қарағанда скептицизм тұжырымдамасында Дунс Скот Акуинолық Томастан да едәуір алшақ кеткен. Томастың ойынша, осы өмірде ақылдың құндылығы материалдық заттардың болмысы еді. Ал Скот ақыл болмыстың шектеусіз де, шектеулі де – барлық құрамдас бөлшектерін, Аспан мен Жердегі барлық дүниені қосуға қуаты барына сенді. Осыған қоса, Томас, материалдық нәрселер зерделік білімнен гөрі сезімдік қабылдаудың пәніне жатады деп есептеді. Скот заттардың өздеріне деген тікелей білімдерін зердеге жатқызуды жөн көрді. Алайда Скот, осылайша, зерденің пәнін кеңейте отырып, оның жете алатын нақтылық дәрежесін азайтты.

Скот, Акуинолық Томас сияқты, білімді оның санадағы нысандарының көріністері деп білді. Акуинолық Томас секілді ол білімді ойлау нысанының бар болуындағы терминдермен немесе таным субъектісінің идеясымен сипаттайды. Бірақ, Акуинолық Томасқа қарағанда Скот үшін ойлау нысаны білімнің негізгі нысаны. Білім үшін, – дейді ол, нысанның шынайы болуы маңызды емес, бірақ, нысанның табиғаты қалай да көрінуі керек.

Скот интуитивті және абстрактілі танымды бір-бірінен ажыратып қарастырды. Интуитивті және абстрактілі танымның арасындағы айырмашылық, сезім мен зерде арасындағыдай емес, – дейді Кенни, – «абстрактілі» сөзі бізді жаңылыстырмауы керек. Дегенмен, Скот шынайы өмірде интуитивті білімнің абстрактіге тәуелді болуына сенді. Зерделік және сезімдік интуитивті білім болуы мүмкін. Сезімдік қабілетке жататын қиялдың өзі абстрактілі білімі болуы мүмкін. Скот мұндай білімді күмәнсіз және күмәнді деп тағы да екі түрге бөлді: біріншіден, күмәнсіз интуитивті білім – шынайы және бар нысан, ал күмәнді интуитивті білім – болашақта болатын немесе өткен уақытта болған шынайы нысан.

Белгілі бір жағдайда біздің пікіріміз интуитивті немесе абстрактілі таным екенін қалай анықтаймыз деген сұрақ туындайды. Бұл екеуі өздерінің қандай да бір ішкі белгілері арқылы қатесіз қалай анықталмақ? Олай болса, ол не? Жоқ болса, біз шынында да, бір нәрсені білетінімізге қалай сенімді бола аламыз?

Уильям Оккам, сонымен қатар, интуитивті және абстрактілі білім түсінігін қарастырады. Күрделі емес, яғни жай нәрсенің танымды абстрактілі немесе интуитивті болуы мүмкін. Ол абстрактілі болса, зат, расында, бар ма, жоқ па және шартты түрде сапасы арқылы абстрактіленеді. Оккам бойынша интуитивті білім келесегідей анықталады: «Интуитивті таным дегеніміз – заттың бар-жоғын көрсететін танымның түрі, яғни зат, шынымен де, бар болса, интеллект оның бар екенін бірден пайымдайды және оның, шынымен де, бар нәрсе екені ақиқат деген ұғымды қалыптастырады. Бірақ кездейсоқ жағдайда, танымның жетілмеуінен қиындықтар тууы да мүмкін». Интуитивті таным кез келген шартты ақиқатты тануда танымның негізі болады. Ешбір шартты ақиқат абстрактілі білімге мәлім болуы мүмкін емес.

Заттардың табиғи реті бойынша, объектінің интуитивті танымды объектінің өзінен туындайды. Мен аспанға қарап жұлдыздарды көргенде, олар менде өздерінің шынайылығы туралы сезімдік және зерделі танымды тудырады. Бірақ жұлдыздар және менің жұлдыздар туралы білімім – екі бөлек дүние. Ал Құдай осы екеуінің біреуін екіншісіне зиян келтірмей жоюы мүмкін. Құдай мұны болмашы себептер арқылы жасаса да, оны тікелей өз құдіреті негізінде жасайды. Сонымен жұлдыздар туралы қалыптасқан түсінік жұлдыздарсыз-ақ, Құдай құдіреті арқылы пайда болуы мүмкін. Алайда, Оккамның айтуынша, мұндай таным ақиқат танымға жатпайды. Зат шын мәнінде жоқ болса, оның шынайылығы жайлы танымды Құдай арқылы түсінуге мәжбүр болсам, онда менің танымым интуитивті емес, абстрақтылы. Ендеше, мен өз танымымның қай бөлігі сезімдік, қай бөлігі абстрактілі екенін де ажырата алмайтын болғаным (құдіретті аянсыз).

Оккамның көзқарасы бойынша танымның мәні біздің түсініктеріміз бен ұғымдарымыз және біздің ақыл ойымызға өздігінен келетін шынайы әсерлеріміз арасындағы нақты байланыста. Шынайы ақиқатпен ескертілген (интуитивті таным арқылы) біздің ойлау актіміз бізге осы ақиқат туралы айтады немесе оларды белгілейді. Біздің Құдай туралы көрнекі (интуитивті) танымдымыз, яғни кейінгі абстракцияға қажет ешбір шынайы негіздеміз болмағандықтан, демек Құдай туралы дерексіз де, тіпті мүлдем ешбір танымдымыз жоқ. Ол таза тәжірибелік сенім аумағы, ол ерік актісі арқылы туындайды және Құдайдың осындай танылмауы және дәлелденбеуі оған деген сенімнің басты еңбегі болып табылады. Оккам өзінің теологиялық волонтаризмінде Дунс



Скоттан да асып, араларындағы философия саласындағы келіспеушіліктеріне қарамастан, кейінгі ағылшын эмпиризмнің негізін салды.

Сонымен, біз Энтони Кенни еңбегінің төртінші тарауында қарастырған Акуинолық Томас, Дунс Скот және Уильям Оккам философиясындағы эпистемологиялық мәселелерді қарастырдық. Келесі дәрісте біз назарымызды Орта ғасыр философиясындағы физика мәселелеріне аударамыз.

#### Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Акуинолық Томас бойынша дүниедегі ойлау әлеуеті бар нысандар қалайша санадағы өзекті ой нысандарына айналады?
2. Томастың іліміндегі «жасампаз зерде» дегеніміз не?
3. Акуинолық Томас бойынша сананың табиғи сәулесінің Құдіретті аяннан айырмашылығы неде?
4. Акуинолық Томас ілімі бойынша тұжырымдар қалай қалыптасады?
5. Әулие Томастың scientia теориясының ғылым сөзінің қазіргі түсінігінен айырмашылығы неде?
6. Орта ғасырдағы қай ойшылды қазіргі түсініктегі эпистемолог деп атауға болады?
7. Дунс Скот іліміндегі жетілген және жетілмеген интуитивті танымның айырмашылығы?
8. Уильям Оккамның философиясындағы интуитивті және абстрактілі таным арасындағы айырмашылық неде?
9. Уильям Оккам ілімі бойынша танымның мәні қайда жатыр?

#### Әдебиет

1. Kenny, A. (2012) A New History of Western Philosophy – In Four Parts, Clarendon Press Oxford.
2. Рассел, Б. История западной философии. – М., 2009.
3. Соколов В.В. Средневековая философия. – М., 1979.
4. <http://intencia.ru/Pages-view-196-5-1.html>